

«Нұрлы-көш орта мектебі» КММ

Қамқоршылық кеңес отырысының хаттамасынан көшірме

Өткізілген уақыты: 28.10.2024ж

Қатысқандар: қамқоршылық кеңестің мүшелері

Шақырылғандар: -5 (өзін-өзі бағалау комиссия мүшелері)

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

Нұрлы-көш орта мектебінің директоры А.К. Куандиковнаның мектепте өзін —өзі бағалау жұмысын жүргізу қорытындысы туралы есебін тыңдау.

ТЫҢДАЛДЫ:

1. Уразтаева А.К - қамқоршылық кеңесінің төрағасы

Бүгінгі-күн тәртібінде қойылған мәселе бойынша таныстырып, Нұрлы-көш орта мектебі 2024-жылдың 01-қазаннан- 30 қазан аралығында өзін-өзі бағалау жұмысы жүргізілгенін атап өтті. Шағын жинақты мектептің өзін-өзі бағалау нәтижелерімен таныстыруға сөзді мектеп директоры А.К. Уразтаеваға берді.

СӨЙЛЕУШІ:

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы

« Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» №486 бұйрығының 2-тарау 3-1,2 тармақшаларына сәйкес Нұрлы-көш орта мектебінің кезектен тыс өткізілген №1 кіші педагогикалық кеңесінің шешімімен 2024 жылдың 01 қазаннан- 30 қазан аралығы өзін-өзі бағалау жүргізу үшін жоспар құрылды.

Жоспарға сәйкес комиссия құрамы бекітіліп, комиссия мүшелері арасына тапсырмалар бөлініп берілді. Өзін-өзі бағалау кезінде білім беру қызметіндегі нормативтік құқықтық актілермен жеке қолданыстағы құқықтық актілер зерделенді. Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын парағы толтырылып, білім беру қызметтерін көрсету сапасын «жақсы» деген қорытынды берілді. Мектептің қызметіне өзін-өзі бағалау педагог кадрлардың тиісті бейінін анықтайтын құжаттарының үлесі,біліктілік санаттары бойынша, үлес пайызы біліктілік өткен педагогтердің үлесі, мемлекеттік тіркеу тізіліміне сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жабдықтандырылуымыз, ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін жасалған жағдайлар, оқу –әдістемелік кешендермен қамтамасыз етуіміз сәйкестігі бағаланды. Мектептің педагогтары мен 4-9 класс білім алушыларының ата-аналарынан және мектеп алды даярлық класының тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне ата-аналардың пікірін білу үшін, сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін сапалы жағдайдың жасалу деңгейін анықтау үшін педагогтерден онлайн сауалнамалар алынды. Сонымен қатар, білім білім, білік және дағды сапасын бағалау үшін 4,9 класс оқушыларынан офлайн форматында тест алынды. Бастауыш, негізгі орта және жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін бағалауға арналған өлшемшарттарына сәйкес жоғарыда көрсетілген мазмұнда бағалау парағы толтырылып, білім беру қызметтерінің көрсету сапасына «жақсы» деген қорытынды берілді.

Қамқоршылық кеңесінің мүшесі Жумағалеев Р.Б мектеп қызметіне жүргізілге өзін-өзі бағалау жұмыстарына қанағаттанатынын, жабдықтармен, мадификациаланған кабинеттермен жабдықталып жатқанына ризашылығын білдіреді, сонымен қатар магистрлер педагогтердің санын арттыру керек екенін ескертті.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Ермағамбетов Н.К өзін-өзі бағалау жұмыстарының берілген қорытындысын қолдайтындығын, ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін ғимараттағы пандус жөндеуден өткізу керектігін атап өтті.